

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

– бюджеттік құралдарды игерудің барысы бойынша ақпаратты жемқорлыққа қарсы органдарға беру арқылы жағдай жасау;

– заңнамалық органдарға бюджеттік үдерістерді реттеудің нәтижелілігін бағалауға мүмкіндік беру;

– атқарушы билік органдарын ресурстарды тиімді басқару ақпараттарымен және ұсыныстармен қамтамасыз ету;

Жалпы алғанда, тиімділік аудиті мен нәтижеге бағытталу бір-біріне ұқсас және бірін-бірі толықтыратын ұғымдар болып келеді. Себебі, нәтижеге бағытталу көбіне мемлекеттік жоспарлау сатысында іске асырылса, тиімділік аудиті жоспарлаудың орындалу деңгейіне бақылауды жүргізеді. Тағы да атап өтетін жайт, тиімділік аудиті мен нәтижеге бағытталудың басты мақсаты болып түпкілікті, яғни соңғы нәтижеге жету табылады. Қазақстан тәжірибесіне тиімділік аудитін енгізуге он шақты жыл болса да, оның теориялық және іс жүзіндегі орындалуы бойынша әлі де мәселелер бар. Тиімділік аудитін әрі қарай жетілдіру, сондай-ақ қаржылық бақылау жүйесін ұйымдастыруды әртараптандыру ұсыналады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кучукова Н.К. Налогово- бюджетное планирование: учебное пособие. - Астана: Мастер ПО, 2013-320 с.
2. Өтебаев Б.С. Мемлекеттік бюджет: Оқулық.- Алматы: Экономика, 2006.- 320б.
3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ресми сайты [http://www.minfin.gov.kz/irj/portal/anonymous?NavigationTarget=ROLES://portal_content/mf/kz.ecc.roles/kz.ecc.anonymous/kz.ecc.anonymous/kz.ecc.anonym_budgeting/budgeting/ports_fldr](http://www.minfin.gov.kz/irj/portal/anonymous?NavigationTarget=ROLES://portal_content/mf/kz.ecc.roles/kz.ecc.anonymous/kz.ecc.anonymous/kz.ecc.anonym_budgeting/budgeting/reports_fldr)
4. 2011-2014 жылдардағы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің есебі <http://www.government.kz/kz/postanovleniya.html>
5. Республикалық Бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің ресми сайты [http:// esep.kz/kaz/showin/article/2368](http://esep.kz/kaz/showin/article/2368)

УДК 336.748

ИНФЛЯЦИЯ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ

Дәулет Мәдина Жүсіпқызы

madindaulet@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Экономика факультеті «Қаржы» мамандығының 2 курс студенті

Ғылыми жетекші - Слямова Б.И.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың – «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты 2015 жылғы 30-қарашадағы Қазақстан халқына Жолдауында «Біздің маңызды міндетіміз – қаржы жүйесін жылдам тұрақтандыру, оны жаңа жаһандық нақты ахуалға сәйкестендіру» делінген.

Біріншіден, қаржы секторының теңгенің еркін бағамы жағдайында тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету. Мұндағы қағидатты сәт сол, Ұлттық валютаның бағамына Ұлттық қор қаржылары есебінен шексіз қолдау көрсету тәжірибесіне қайта оралу болмайды. Ұлттық банк секторының барлық субъектілеріне жұмыс істемейтін несиелер бойынша стресстестілеу жүргізуі қажет. Оның нәтижелері бойынша оларды мойындау және есептен шығару жөнінде шаралар қабылдау керек. Капиталдандыру проблемаларын шеше алмаған банктер қаржы жүйесінен «кетуі» тиіс. Қазақстандық банктер барлық халықаралық стандарттарға, соның ішінде, Базель комитеті мен Халықаралық валюта қорының стандарттарына сәйкес

келуі қажет. «Долларсыздандыру» құралдарын кеңейту арқылы ұлттық валютаға деген сенімді нығайтуға қол жеткізудің маңызы зор.

Екіншіден, инфляциялық таргеттеу шеңберінде Ұлттық банк орта мерзімді болашақта инфляция деңгейін 4 пайызға дейін төмендетуі керек. Ол үшін пайыздық мөлшерлемелерді икемді өзгерту тетігі толыққанды пайдаланылуы тиіс» - делінген. [1]

Яғни, біздің мемлекетіміз үшін инфляция қорқыныштемес, қалыпты жағдай, сондай-ақ инфляцияға қарсы іс-шаралардың тоқтаусыз жүргізілетіндігін айқын аңғаруға болады.

Экономикалық құбылыс ретінде инфляция көптен бері өмір сүріп келеді. Инфляцияның дәстүрлі ең жалпы анықтамасы – тауар айналымының қажеттілігімен салыстырғанда айналыс сферасының артық қағаз ақша массасымен лықа толып кетуі, оның құнсыздануы және соның нәтижесі ретінде тауарлар мен қызметтер көрсетіуге бағаның өсуі; ақшаның сатып алуға жарамдылығының төмендеп кетуі. Демек, инфляция – бұл тауарлар мен қызметтерге бағаның жалпы және әркелкі өсуінде көрінетін ақшаның құнсыздануы. Инфляция кезінде қоғамдық өндіріс үдерісінің алшақтықтарына және артық көп ақшаның шығарылуына байланысты ақша айналысының заңы бұзылады.

Инфляция – ақша жүйесінің дағдарысты жай-күйі. [2, 592 б.б]

ТМД елдерінде және оның ішінде Қазақстанда XX ғасырдың 90-жылдарының басында болған экономикалық дағдарыстың тарихи тамырлары тереңде жатыр. Сол өткен XX ғасырдың 70-жылдарының ортасында жоспарлы экономика идеясы күйзеліске ұшырай бастады. Қабылданған жоспар мен жұмыс нәтижелерінің алшақтығы анық көрінді. Жоспарлар үнемі қайта қаралып отырды, бұл дағдылы «жоспарлы экономикадан» гөрі «әміршіл экономика» заман талаптарына сай екенін дәлелдеді. Экономиканың өрлеу қарқыны төмендеді. [3, 276.б]

1990-жылдардың басында «әміршіл экономиканың әлеуметтік – эконмикалық құрылымы елді дағдарысқа әкелгені және одан шығу үшін тек қана нарық жолымен даму қажет екені белгілі болды». 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі жарияланып, экономикада кең ауқымды нарықтық реформалар басталды. Мемлекет меншігіндегі мүлікті жекешелендіруге бағыт жарияланып, Конституция алғаш рет жеке меншік құқығын айқындады, нарықтық қатынастарды дамытуға бастапқы қадамдар жасалды.

Жалпы Қазақстандағы өтпелі нарықтық қатынастарға көшу кезеңі 1991 жылдың ортасы деп айтуға болады. Осы жылдың сәуірінде «Қазақ КСР-ында 1991-1992- жылдарға арналған мемлекеттік меншікті жекешелендіру бағдарламасы қабылданды. Бағдарламаның басты мақсаты нарықтық экономиканың әлеуметтік базасы болып есептелетін жеке меншік иелері мен кәсіпкерлер буынын құру болды. Бұл бағдарламаны орындау 1991-1992 – жылдардың басты мақсаты болуына байланысты үкімет оны белсенді түрде жүзеге асыруға кірісті. Алайда соңынан бағдарламаларға түзетулер енгізуге тура келді.

1992 жылдың 2 қаңтарынан Ресей бағаны ырықтандыруға көшті. Ол кезде Қазақстан Рсеймен бірегей «рубль аймағында» болғандықтан, республикада жоғарыда қабылданған жекешелендіру бағдарламасын қайта қарауға тура келді. Оны орындау кейінге қалдырылып, Қазақстан Үкіметі де бағаны ырықтандыруға мәжбүр болды. [3, 356.б]

Қазақстанда бағаның ең көп шарықтауы – 1992 ж. – 3060%, 1993 жылдың қарашасында бір айлық инфляция деңгейі – 56% болды. Халықаралық валюта қорынң бағалауы бойынша 1992-1993 жж. Экономикадағы жағдай гиперинфляцияға жақын. Ал батыс эконмистері сипаттауы бойынша 1992-1994 жж. гиперинфляция болды. Халықаралық қаржы есептемесінің стандарттары (МСФО) бойынша үш жылдағы инфляция жиынтығы 100%, яғни жылына орта есеппен 33,3% болса, онда гиперинфляция деп есептеледі. Бұл тұрғыдан алғанда Қазақстанда 1992-1995 жж. гиперинфляция болған (1992ж. – 3060% , 1993ж. – 2265% , 1994ж. – 1258% , 1995ж. – 160%). [3, 15 б.б]

Эконмикадағы ақша массасының негізгі өсу себебі орталық және коммерциялық банкілердің кредиттік эмиссиясы болды. Ұлттық банктің мәлімет-деректері бойынша 1993 жылдың тамызынан 1994 жылдың тамызына дейін (үкіметке, коммерциялық банкілерге,

ЭЖҚ (эконмиканы жаңғырту қоры) есебінен және басқа қарыз алушыларға) берілген кредиттің сомасы 5,7-ден 22,4 млрд теңгеге дейін көбейді.

Кесте 1 - Ұлттық банкінің кредит ресурстарының орналасуы, млн теңге

№	Ресурстардың орналысу бағыты	Мына жалдар б/ша		
		1.08.93	1.01.94	1.08.94
1	Кредиттер:			
	- Үкіметке	250,6	969,7	11504,5
	- Коммерциялық банкілер	4665,2	5745,8	8798,9
	Эконмиканы қайта жаңарту қоры есебінен берілген ұзақ мерзімді кредиттер (Ұлттық банк)	152,8	468,4	1294,4
	Басқа қарыз алушыларға кредиттер	85,0	154,4	469,7
2	Басқа мемлекеттерге берілген кредиттер	527,6	967,6	377,1
3	Ұлттық банк берген кредиттердің жалпы сомасы	5681,4	8035,9	22444,6
4	2-деңгейдегі банкілердің кредиттері	7871,6	14180,5	35936,6
	Басқа банкілерге берілетін кредиттер	153,6	237,5	1676,8

Ұлттық банк бөлген кредит ресурстарының құрылымында коммерциялық банкілерге және үкіметке берген үлесі елеулі орын алды.

Әсіресе, үкіметке берген кредиттер көлемі көп өсті – 46 есе. Бұл 1993-1994 жылдардағы мемлекеттік бюджеттің тапшылығы (1994 ж. – 7 % ЖІӨ – ге) Ұлттық банкінің кредитімен қаржыландаралғанын көрсетеді. Мемлекеттік бюджеттің тапшылығы қолма-қол ақшаға айналып, ол соңынан инфляцияны қоздырушы факторға айналды. Сонымен қатар 1994 жылдың наурыз-сәуірінде кәсіпорындардың, шаруашылық субъектілерінің берешегін «республикалық есепке алып, өзара өтеу» шарасы жүргізілді. Бұл шара ұлттық банкінің айналымға қосымша ақша шығаруына (эмиссия) алып келді, ол инфляцияны өсіруге өз әсерін тигізді. [3, 41-42 б.б.]

Сонымен түйіндей келе, Қазақстан Республикасындағы инфляцияның дамуы – мемлекеттік бюджет тапшылығына байланысты болған болатын. Бюджет тапшылығы Қазақстанның егемендігі жағдайында да сақталынып тұрды: ол 1991 ж. бюджеттің шығыс бөлігінде 20,4 %, 1992 – 8,6 %, 1993 – 11,9 %, 1994 – 10,2 %, 1995 – 17,4%, 1996 – 15,4 %, 1997 – 17,7 %, 1998 – 18 %, 1999 – 14,3 %, 2000 – 9,8 %, 2001 – 6,4 %, 2002 – 5,2 % құрады. 2008 жылы республикалық бюджеттің тапшылығы 1,453 млрд. теңгені (ЖІӨ-ге 0,11 %) құрады. Инфляцияның классикалық көзі – мемлекеттік бюджет тапшылығы Қазақстан үшін сипатты. Бюджет тапшылығы инфляцияның қайталама факторы болып табылады, өйткені ол шығындардың инфляциясынан және осыған байланысты мемлекет кірістерінің құнсыздануынан туады.

Қазақстан Республикасының ақша- кредит саясатының негізгі мақсаты баға тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады. Қазақстан Ұлттық Банкі 2015 жылы инфляциялық таргеттеу режимін енгізу бойынша шаралар кешенін іске асыруға кірісті. Айтарлықтай сыртқы күйзелістер жағдайында, мұнайға бағаның құлдырауын және Қазақстанның саудадағы негізгі әріптес елдерінің ұлттық валюталарының әлсіреуін қоса алғанда, 2015 жылғы 20 тамызда Ұлттық Банк Қазақстан Үкіметімен бірлесе отырып теңгенің өзгермелі айырбастау бағамына көшу туралы шешім қабылдады.

Ортамерзімді кезеңде инфляция бойынша нысаналы бағдарға қол жеткізу мақсатында Ұлттық Банк 2015 жылғы 2 қыркүйекте 12,0% деңгейінде базалық мөлшерлемені енгізді және пайыздық мөлшерлемелер дәлізін қалыптастырды. Инфляциялық күтулердің және инфляцияның нысаналы деңгейден жоғары өсу тәуекелдерінің күшеюіне байланысты Ұлттық Банк 2015 жылғы 2 қазанда базалық мөлшерлемені 16%-ға дейін көтерді. Бұдан әрі Ұлттық Банк инфляцияның ортамерзімді болжамдарына байланысты базалық мөлшерлеменің деңгейін қайта қарайтын болады.

Қысқамерзімді кезеңде Ұлттық Банктің алдында теңгенің айырбастау бағамының жоғары құбылмалылығы инфляциялық күтулер мен инфляцияның өсуіне әкелетін болғандықтан, валюта нарығындағы жағдайды тұрақтандыру бойынша міндеті жүктеліп отыр. 2015 жылғы қаңтар-маусымда ЖІӨ-нің нақты өсуі 1,7%-ды құрады. ЖІӨ-нің өсу қарқындарының баяулауы, негізінен, ықпалына айтарлықтай экономикасы шикізатқа бағытталған елдердің ұшыруы мүмкін сыртқы факторлардың әсеріне байланысты.

Біріншіден, бұл қазақстандық экспорттық өнімдерге, мұнай, металл, бидай сияқты өнімдерге бағаның төмендеуі. Екіншіден, Қазақстанның саудадағы негізгі әріптестер елдері экономикасының баяулауы, сондай-ақ аймақтағы күрделі геосаяси ахуалдың сақталуы. Бағалау бойынша, ЕО-ғы және Қытайдағы тұрақты экономикалық өсуге қарамастан, Ресейдегі құлдырау үрдісі Қазақстандағы экономикалық өсуді шектейтін болады. 2015 жылғы екінші жартыжылдықта және 2016 жылы Қазақстанда ЖІӨ-нің өсу қарқынының бұдан әрі баяулауы күтіледі.

Экономика өсуінің төмен қарқындарының экономикадағы инфляциялық аяға «салқындату» әсері бар. Тау кен өндіруші және өңдеуші салалардағы ЖІӨ өсу қарқындарының баяулауы, сондай-ақ қазақстандық өндірушілердің өнеркәсіптік өнімдерінің төмен бағасы іскерлік белсенділіктің өсуін шектейді. Тұтынушылық сұраныстың айтарлықтай қысқаруы инфляция аясы төмендеуінің басқа факторы болып табылады. Халықтың нақты ақша кірістері төмендейді деп күтілуде, бұл халықтың сұранысының азаюына әкеледі. Төмен іскерлік белсенділік және тұтынушылық сұраныстың төмендеуі аясында ішкі кредиттеу көлемдерінің қысқаруы күтіледі.

Осының салдары ретінде, экономикадағы ақша ұсынысы өсуінің қарқындары шектеулі болып қалады. Қысқа мерзімді кезеңде инфляция деңгейінің өсуі күтілуде. Бұл ретте, экономикадағы жоғары инфляциялық аяны қолдайтын түбегейлі факторлар жоқ. Нәтижесінде, инфляция өршуінің қысқамерзімді сипатқа ие болады. Баға тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында Ұлттық Банк орта мерзімді болашақта инфляцияны нысаналы 6-8% деңгейінде ұстап тұруға мүмкіндік беретін ақша-кредит саясатының шараларын қабылдайтын болады.

Қазақстан республикасының 2015-2016 жылдарға арналған инфляция бойынша орта мерзімді мақсат 6-8 %, алайда базалық мөлшерлеме (14.03.2016) – 17,0 % көрсеткішін көрсетеді. [4]

Қазақстан Ұлттық Банкі 2015 жылы инфляциялық таргеттеу режимін енгізу бойынша шаралар кешенін іске асыруда.

Инфляцияны таргеттеу қойылған мақсаттарға жету үшін инфляцияның нақты бір шамасын таңдау, мақсатты бағдар ретінде орталық банкінің операциялық құралдарын, көбінесе пайыздық мөлшерлемелерін пайдаланады. Ол үшін инфляцияның алдағы серпінін болжайды, оны жоспарланған көрсеткіштермен салыстырады да, болжам мен мақсаттың айырмашылығын операциялық құралдарды пайдалану арқылы түзетеді.

Барлық мүмкіндіктер бойынша инфляцияның мақсатты бағдарын белгілеу қазірде бағаның тұрақтылығын қамтамасыз етуде өте сенімді құрал болып саналады. Ал бағаны тұрақтандыруға жету елдің экономикалық өрлеуінің аса маңызды факторы болып қаралады. Іс – тәжірибеде көрсеткендей, билік басында отырғандардың экономикалық саясатта басқа мақсаттарға жетуге ұмтылуы (мысалға, жұмыссыздықты жою немесе өндірістің өрлеуін қамтамасыз ету) баға тұрақтылығы ұстанымдарына қайшы келеді.

Инфляциялық таргеттеу ұстанымдарына көшудің бір қолайлы жағы оның түпкі мақсатқа жету жолындағы икемділігі(бағытты,параметрлерді өзгертуге) және шыдамдылығы. Инфляцияны таргеттеу режимі орталық банкіге жоспарланған инфляция деңгейіне жету үшін еркін әрекеттер жүргізуге мүмкіндік береді: ақша-кредит моделін, құралдарын таңдауда, тіпті өз саясатының мақсатын таңдауда да бостандық береді. Орталық банкіге ақша-кредит саясатын қалай құру керек екені туралы ешқандай нұсқаулар болмайды.2003 жылғы шілдеде Қазақстан Республикасының «Ұлттық банкі» туралы заңына бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Соған сәйкес 2004 жылғы 1 қаңтардан

бастап Ұлттық банкінің негізгі мақсаты республикадағы баға тұрақтылығын қамтамасыз ету болды. [3, 137 б.б.]

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясында» инфляцияға қарсы күрестің маңыздылығын атап өтеді: «Инфляциямен күрес - несие-ақша саясатының басты мақсаты. Біз өзіміздің шетелдегі әріптестеріміздің бұған дейін байқап көрілген ұсыныстары мен кеңестеріне арқа сүйене отырып, валюта саясатын басқарылатын ырықтандыру есебінен инфляция өсуінің келеңсіз салдарын барынша төмендету мақсатында нақты айырбас бағамының қажетті икемділігін қамтамасыз етуге тиіспіз». [5]

Қорытындылай келе, бүгінгі жаһандау кезеңінде әрбір мемлекет экономикалық өсудің тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған саясатты ұстануға бар күш-жігерін жұмсап отыр және мемлекеттік органдарының назарындағы өзекті мәселелерінің бірі – инфляцияның деңгейі мен өсімділігіне ықпал ету. Жоғарыда айтылғандай, инфляция экономикалық құбылыс ретінде көптен бері өмір сүріп келеді. Инфляция – ақша жүйесінің дағдарысты жай-күйі. Оның құнсыздануының негізгі факторлары ретінде айналысқа артық ақшаның шығарылуы, қолайсыз төлем балансы, үкіметке сенімнің жоғалуы саналады.

Сонымен қатар қаржы мәселелерін инфляцияның іс әрекетімен байланыстырып отыру қажет. Себебі инфляция қаржы қатынастарын өзгеріске ұшыратады. Біріншіден, инфляция тауарлар мен қызметтерге бағаның өсуі салдарынан мемлекет шығыстарының өсуін жандандырады. Екіншіден, инфляция қаржы ресурстарын құнсыздандыруды және салық түсімдерін арттырудың қажеттігін тудырады. Үшіншіден, инфляциялық процесс мемлекеттің берешегі мәселелерін шиеленістіреді.

Өз кезегінде Қазақстан Республикасында туындайтын инфляциялық процестердің басты факторларына мұнайға деген әлемдік бағаның жоғары болуы, сонымен қатар алтын, жез, күміс сияқты металдарға бағаның жоғары болуы жатады. Мұнайдан түсетін қарының еселенуі, өз кезегінде тікелей болмаса да, қаржының сырттан ағылуына себепші болады.

Ұзақ уақыт бойы инфляцияны монетарлық құбылыс деп санай отырып, ол ақшаның құнсыздануы мен тауар бағаларының өсуі тұрғысында түсіндіріліп келді. Әлі де бірқатар шетелдік авторлар инфляцияны экономикада бағаның жалпы деңгейінің артуы ретінде анықтайды. Алайда инфляцияның тауар бағасының өсуінде көрінгенімен оны тек таза ақша феноменіне жатқызуға болмайды. Бұл нарықтық шаруашылықтың түрлі сфераларындағы ұдайы өндірістің сәйкессіздігінен туатын күрделі әлеуметтік-экономикалық құбылыс. Инфляция әлемнің көптеген елдеріндегі экономиканың қазіргі дамуының ең өткір проблемаларының бірі болып есептеледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2015 жылғы 30-қарашадағы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауы.
2. Құлпыбаев С. «Қаржы», Алматы – 2007.
2. Жаналинов Б.Н «Инфляция және Қазақстандағы инфляцияға қарсы саясат», Алматы, «Экономика» - 2007.
3. www.nationalbank.kz
4. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты 2012 жылғы 14-желтоқсандағы Қазақстан халқына Жолдауы.